

УДК 005.92:342.4=512.122

Н. М. Примашев,
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясы «Мемлекеттік басқару және
мемлекеттік қызмет»
кафедрасының доценті, з.ғ.к.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ РЕСМИЛІК МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада заңнамалық актілерді басып шығаруға рұқсат алған баспа басылымдары жариялаған заңнамалық актілердің қазақ тіліндегі мәтіндерінің ресмилігі мәселелері қарастырылады. Олардағы «ресми» деген ескертпеге қарамастан, олардың мәтіндері қолданыстағы заңнамалық актілер мәтіндеріне толық сәйкес келмейді. Автор осы мәселені «Жеті жарғы» және «Заң әдебиеті» баспалары 2007 және 2008 жылдары шығарған Қазақстан Республикасы Конституциясының мысалдарында талдайды.

Тірек сөздер: ресми мәтін, теңтүпнұсқалылық, конституциялық реформа, нормалардың ескі редакциялары.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы официальности текстов на казахском языке законодательных актов, публикуемых издательствами, получившими на это разрешение. Несмотря на указания на «официальность», в них обнаруживаются некоторые несоответствия с текстами действующих законодательных актов. Автор анализирует данную проблему на конкретных примерах по Конституции Республики Казахстан, изданных в 2007 и 2008 гг. издательствами «Жеті жарғы» и «Заң әдебиеті».

Ключевые слова: официальный текст, аутентичность, конституционная реформа, старая редакция норм.

Abstract

The article considers issues of conformity of texts of legal acts issued in Kazakh language by publishers. The problem is that in these texts we find unconformities with texts of acting legal acts. Author analyses the issue by providing concrete examples and evidences within the texts of Constitution of the Republic of Kazakhstan issued in 2007 and 2008 by “Zhety Zhargy” and “Zan Adebiety” publishing houses.

Key words: official text, authenticity, constitutional reform, the old version of the rules.

Қолданыстағы конституциялық нормаға сәйкес қостілділік мемлекеттік саясат ұлттық заңнамаға елеулі әсерін тигізіп отыр. Сондықтан кері әсерлердің басымдығы жағдайында ұлттық заңнаманы құраушыларға үлкен міндеттердің жүктелуі табиғи құбылыс. Мұндай жағдайда осы іске жауапты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың тілдік әлеуетімен қатар, олардың азаматтық ұстанымдары да ұлттық заңнамадан байқалатын көрсеткіш бола алатыны айқын.

Түрлі сипат пен бағыттағы қаржыландырылуы мен жұмылдырылуы жағынан кем емес жеткілікті іс-шараларға қарамастан, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамасының тілдік құраушысының қағидатты түрдегі, менің ойымша, кемінде, үш мәселесі бар. Сондықтан осы мақалада заңнаманың бірінші мәселесі – нормативтік құқықтық актілер, оның ішінде заңнамалық актілер мәтіндерінің ресмилік мәселесі зерделенеді.

Кез келген мемлекет үшін заңдарды ресми жариялау – оның адам мен азамат алдындағы міндеті есебінде саналады. Сондықтан мұндай қағида тиісті заңнамалық актілерде бекітіледі. Қазақстан Республикасы да өз Конституциясының 4-бабында бекітілген «нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады» деген норманы басшылыққа алып келеді. Оны жүзеге асырудың егжей-тегжейлі ережелері «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңның 6-тарауында айқындалған.

Мақала жалпы ресми мәтінге арналғандықтан, оның бірнеше мәселелерін қарастыру қисынды болып табылады. Мысалы, ресмилік мәселесінен заңдарға қолжетімділік мәселесі туындайды. Қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдары «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» журналында жарияланады. Бірақ бұл басылымға жаппай қолжетімділік жоқ. Ол үшін арнайы жазылу қажет, ал оған кез келген жеке адамдар түгілі, заңдардан кәсіби мүдделі зерттеуші-заңгерлердің де шамалары жете бермейді.

Жалпыұлттық орган болғасын әрі заңнамада бекітілген нормаға сай, нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде

жарияланады. Өкінішке орай, аталған басылымдардағы ресми құжаттарда да қателіктер жіберіліп жатады. Сондықтан ұлттық заңнаманы тыңғылықты зерттеушінің ондағы мәтіндерге күмәнмен қарайтыны жасырын емес.

Ресми құжатты жариялаушы басылымдардың олардың мәтіндерін қайдан алатыны жалпыға беймәлім. Оны қолданушы ондағы мәтінді ресми деп қабылдайды. Ал іс жүзінде қазақ тілінен хабары бар, кез келген оқырман ондағы сәйкессіздіктерді көре алады. Нормалық белгілері бар ресми бір құжаттан алынған мынадай: «Маған **Сират** көпіріндей» (Егемен Қазақстан. 2011. 29 қаңтар) / «Маған **сыраттың** көпіріндей» (Казахстанская правда. 2011. 29 января) мысалдардан қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің, азғантай болса да, алшақтығы болатынын көруге болады (бұл жерде мәселе аударма қателерінде емес. Мәтін бойынша ерекше көрсеткен мен. – Н. П.). Мұндай құжаттардағы тілдік қателерге жеке мақалалар арнауға болады. Мысалы, осы сынды тағы бір құжаттағы **«селолық әкімдік», «Жергілікті басқаруды дамыту тұжырымдамасы», «Қазақстан Каспий теңізінің айдынындағы** ахуалды сенімді бақылауда ұстайды» және т. с. с. өрескел қателердің тілдік те, құқықтық та салдары алда.

Келтірілген мысал нормативтік құқықтық актілер мен директивтік сипаттағы құжаттарды қағаздағы нұсқасын бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялау мәселесіне қатысты. Оларға қоса, қазіргі таңда заңнамалық актілердің электрондық нұсқалары жарияланатыны баршаға мәлім. Қазақстан Республикасында құжаттардың электрондық нұсқасын 3 көзден алуға болады. Олар: Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайты, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне қарасты «Заң» деректер қоры және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі¹.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтындағы «Қазақстан Республикасының заң кесімдері және Президентінің актілері» (менің ойымша, бұл тіркесте кемі үш қате бар) айдарында бірқатар заңдары мен қаулылар орналастырылған. Бұл веб-сайтпен жұмыс істеудің технологиялық қиындықтары бар. Мәтіндерді тек көшіріп алуға болады. Ондағы реттік жүйе де күрделі, сондықтан сүзгі режимі мен редакциялау қызметін қолдану мүмкін емес.

Ал кейінгі екі көз мәтіндермен жұмыс істеуге, яғни заңнаманы түрлі іздестіру, талдау және т. с. с. рәсімдер арқылы өңдеуге, редакциялауға толық мүмкіндік бар. Бірақ бұл арада ескерте кететін бір жайт – аталған көздерде қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер барлық қате-кемшіліктерімен берілгендігінде (олардың жіберілу жағдайы мен жауап берушілері белгісіз). Өкінішке орай, нормашығармашылықта тек соларды ғана басшылыққа алу тәжірибесі басым болып отыр. Мемлекеттік органдардың тәжірибесінде қателі ережелерді сол күйінде беру, яғни түзетуге талпыныс жасау қолдау таппай отыр. Ол дегеніміз қажеттілік туындаған жағдайда жауапкершілікті өзгеге арта салу ділінің жаппай орын алғанын білдіреді. Бұл жерде аудармашылардың да кінәсі жоқ емес, бірақ заң шығару процесінде олардың орны мен маңызы еш ескерусіз. Олардың қызметі тек жауапкершілік көтеруде ғана. Бірінші кезектегі күдіктілер мен кінәлілер де солар.

Нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеуге берілетін уақыттың басым көпшілігін оның орыс тіліндегі нұсқасына аударып, оны қазақ тіліне аударуға ең төменгі уақыт шегін қою тәжірибесінде сапа мәселесін ешкім елемейді. Осындай уақыт тапшылығында аудармашылардың бірден-бір жолы – осы сынды құжаттардың ескі нұсқаларына жүгіну. Сондықтан нормативтік құқықтық актілердің қазіргі аудармашылары кезінде түрлі себептермен жіберілген қателерді (олардың ішінде қағидаттылары да жеткілікті!) қайталап «өткеннің құлы, болашақтың бұғауы» кейпінде қызмет атқарып жүр. Мұндай жағдайдың басты бір себебі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастыруда екені белгілі, бірақ оны зерделеу мақала объектісіне жатпайды. Ал шындығында мемлекет пен қоғам үшін маңызды емес, қолдан жасалған шекті уақыт ішінде бір-бірімен түсініспей жататын мемлекеттік органдардың қызметін, атап айтқанда заңнамалық актілер шығару қызметін өзгеше ұйымдастыруға болады. Мемлекеттік органдардың бірін-бірі міндеттеу, бірін-бірі кінәлау, бірін-бірі жауапқа тарту жағдайында сапалы заңнамаға, әсіресе қазақ тіліндегі, қол жеткізу мүмкін емес. Қазақ тілі мен заңнаманың осы тілдегі мәтінінің мәртебесін көтермей жағдай түзелмейтіні белгілі аксиома. Сондықтан аудармашыларды сан ауыстырғанмен нәтиже өзгермейді.

¹ Бұл жерде аталған көздерде көрсетілген «мәтін ресми емес» деген ескертуге тек таңдануға ғана болады. Егер олар өздерінің веб-сайттарында орналастырып жатқан материалдарына жауап бере алмайтын болса, оларды жариялаудың қажеті неде? Қателі мәтінді ғаламторда кез келген ұйым не жеке адам да орналастыра алады емес пе? Бірдей үш көздің бірі бірінен қателі мәтіндерді көшіре орналастырып жатқанынан не пайда? Сапасыз мәтін үшін олар да неге жауап бермейді? Осы тұрғыда, менің ойымша, аталған көздердің бірінде орналастырылған фотосуреттің мазмұны да мәселелі.

Осындай жағдайларда ресмилік мәселесін көтеру де қиынның қиыны. Қай мәтінді басшылыққа алу, кімнің нұсқасына сілтеме жасау сияқты сұрақтар өздігінен пайда болып тұрады. Әрине, мәтіннен оны көре білетін маман болса егер. Кезінде орталық мемлекеттік органдардың веб-сайттарында орналастырылған Мемлекеттік гимн мәтінінде «данкымыз» деген сөз жүрді емес пе? Мұндай сұрақ тегіннен-тегін туындап тұрған жоқ. Біліктілігі төмен маман жіберген қатені барлық мемлекеттік органдардың қайталауы Қазақстан үшін қалыптасқан тәжірибе. Сондықтан ресмилік мәселесі күн сайын өзектілене берері анық.

Жоғарыда түйінделген ойларға мысалдарды тереңнен іздеудің қажеті жоқ. Олар, әрине, мүдделі әрі ізденген адамға өздері келіп тұрады. Мысал есебінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған бір құжатты алуға болады. Ондағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы № 1660 2012 жылғы 24 желтоқсан» деген жолдардан кейінгі «Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына өздерінің ведомстволық желілерін қосуға міндетті жергілікті өзін өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің тізбесін бекіту туралы» атауда кемі екі қате жіберілген. Қаулы атауынан, оның жақын арада атқарылуы тиіс міндеттілігі көрініп тұр. Бірақ мұндай тапсырманың әзірге Қазақстан Республикасында жоқ құрылым – «жергілікті өзін өзі басқару органдарының» (редакциясы сақталған. – Н. П.) міндетіне кіре алуы мүмкін емес. Оған қоса құқықтық мәртебесі бойынша мемлекеттік органның жергілікті өзін-өзі басқару органынан жоғары екенін де ескеру қажет. Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актінің мәтіні де «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 желтоқсанда № 1660 қаулысымен бекітілген» деген үйлеспейтін тіркестен басталады. Бұларды заңнамалық актінің атауына ғана байланысты қателіктер деуге тұрарлық.

Қаулы негізі мемлекеттік органдарға және олардың аумақтық бөлімшелеріне міндетті болғандықтан, олардың барлығын тізіп беру қисынды екенін түсінуге болады, бірақ олардың кейбіреулерінің атауымен келісу мүмкін емес. Мысалы, «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің **Ономастика** (тілдер) комитеті», «Байқоңыр **аудандық** соты», «Маңғыстау облысының білім **және ғылым** басқармасы», «**Сораң** қаласы әкімінің аппараты» деген атаулы мемлекеттік органдар мен олардың құрылым бірліктері мүлдем жоқ! Мемлекеттік басқарудың осындай тәжірибесінде осыған ұқсас қателер мен кемшіліктерде, өкінішке орай, сан да жоқ, шек те жоқ!

Оларға қоса, қаулыда грамматикалық қателері бар ресми атаулар да жеткілікті. Мысалы, «Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі» (мәселе «Конституционный совет Республики Казахстан» деген орыс тіліндегі нұсқасында. Сонымен қатар, бұл тіркес аталған органның конституциялық мәртебесіне қайшы келетінін де көрсету қажет), «Шардары ауданы әкімінің аппараты» деген атаулар түзетуді қажет етеді.

Қаулыдағы біраз қате-кемшіліктер адам атындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге қатысты (бұл мәселе қолданыстағы ұлттық заңнамаға да тән). Мысалы, «Тұрар Рысқұлов атындағы аудан әкімінің аппараты», «Тұрар Рысқұлов аудандық соты», «Шал ақын атындағы ауданының соты», «Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның прокуратурасы» және т. с. с. атауларға бірізділік жетіспейді. Тіркестерде үйлесімділік жоқ. Сол сияқты «Алмалы соты», «Әуезов соты» сияқты атаулар ресмиден гөрі, тұрмыстық нұсқалар сияқты.

Қазақ тілінде еш кемшілігі жоқ «Жетісу көлік прокуратурасы» деген атау неліктен «**Семиреченская транспортная прокуратура**» деген нұсқаға айналғаны осы атауды енгізгендер мен қаулы жобасын әзірлеушілерге ғана мәлім болар¹. Мұндай атау қайдан келді? Ол дұрыс па? Бір кездері дұрыс болғанда шығар, аз қазір ше? Мүмкін осындай қате аудару тәжірибесі барлық салаларда да қалыптасқан шығар. Бірақ, соның өзінде де, осы тәрізді қателі түрлі нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеушілерге сұрау салу қажет шығар. Олай етпесек қателі атаулар сол күйінде қала беретін болады. Ал мұндай жағдайда заңдылықты орнату мүмкін емес. Мәселенің осы жағы қазақ тілді кез келген мемлекеттік қызметшіні ойлантуы қажет. Осындай кездерде өткенге өкінбегеннен басқа амал болмай қалады, өйткені мұншама қателік жағдайында қазақ тілінің бірде-бір жанашырының болмағаны қынжылтады.

¹ Қазақстан Республикасының заң шығару процесі субъектілері үшін мемлекет, жер-су және өзге де географиялық объектілер, ұлт, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар атауын аудару үлкен мәселе сияқты. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында мұндай қате атаулар көптеп кездеседі. Менің ойымша, «Семиреченская транспортная прокуратура» деген атау соңғы кезде көп қолданылып жүрген Новосібір (Новосибирск), Жаңа Московск (Новомосковск), Оңтүстік Сахалин (Южно-сахалинск), Төменгі Тагил (Нижний Тагиль) деген қате аудармалармен бірдей. Прокуратура органының орыс тіліндегі мұндай атауында аударма емес, транскрипциялық нұсқа орын алуы қажет еді.

Қаулы бойынша бірізділік Астана қаласының мемлекеттік органдары атауларын ресімдеуде жетіспейді. Мәртебесі де, ресімделуі де бірдей болғанына қарамастан, «Астана қаласының Ішкі істер департаменті «Алматы» ауданының Ішкі істер басқармасы», «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты», «Алматы» ауданының прокуратурасы» деген атаулардағы әкімшілік-аумақтық бірліктер негізсіз тырнақшаға алынған. Қазақ тілінің грамматикасы тұрғысынан ондай нұсқаның болуына ешқандай да себеп жоқ. Оған қоса, олардың осы қаулыдағы «Сарыарқа аудандық соты» немесе «Алатау ауданының прокуратурасы» деген атаулардан еш өзгешелігі жоқ.

Қаулыда берілген «Техникалық реттеу және метрология комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» деген атау толық емес (орыс тіліндегі нұсқасы да!). Ал, «Бас әскери прокуратурасы», «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алматы қаласы бойынша Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі басқармасы», «№ 2 Атырау қалалық соты», «№ 2 Казталов аудандық соты» сияқты атаулар да нақтылауды қажет етеді.

Қаулы мәтініндегі өзге жолдарда мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесі бойынша дұрыс ресімделгеніне қарамастан, белгісіз себептерден «**2359.** Ақтау қаласы әкімінің аппараты» және «**2360.** Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» деген мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебелік орындары ауысып кеткен (нөмірлерін әдейі көрсетіп отырмын. – Н. П.). Осы тектес қателер тілмен қатар, заң техникасы талаптарын қатаң сақтауды қажет етеді.

Келтірілген мысалдарға қосымша есебінде ұлттық заңнаманың қағаз бетінде жарияланған нұсқасының да сәйкессіз болатынын көрсете кету қажет. Мысалы, қазіргі кезде мемлекеттік органдар мен мекемелер, жоғары оқу орындары мен тиісті білім беру ұйымдарында басшылыққа алынып және білім беру процесінде қолданылып жүрген, 2007 жылы «Жеті Жарғы» баспасы әзірлеген Қазақстан Республикасы Конституциясының қазақ және орыс тіліндегі мәтіндері теңтүпнұсқалы емес, яғни кейбір баптарында үлкен алшақтықтар бар. Бұл жерде мәселе Конституцияның өзінде жіберілген көптеген аударма қателерінде емес. Конституцияның орыс тіліндегі мәтінінің 61-бабының 1-тармағында «Право законодательной инициативы принадлежит Президенту Республики, депутатам Парламента, Правительству и реализуется исключительно в Мажилисе» делінген. Ал қазақ тіліндегі нұсқасында осы норма «Заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады» деп көрсетілген, яғни ол 2007 жылғы конституциялық реформаға дейінгі нұсқасында берілген! Кітапшаны қолданушының оның басып шығару деректеріндегі «ресми мәтін» деген жолдарға сенбесіне еш амалы жоқ!

Дәл осындай тәжірибе 2008 жылы «Заң әдебиеті» (кітапша мұқабасында «ЮЛ» (Юридическая литература. – Н. П.) деген аббревиатуралы логотип бар. Екі атаудың қайсы дұрыс? Бұл да тілдік мәселе) баспасы шығарған Қазақстан Республикасы Конституциясының, жоғарыда көрсетілгендей, 41-бабының 1-тармағы, 44-бабының 3, 4, 5, 7, 20-тармақтары, 50-бабының 3-тармағы, 51-бабының 3-5-тармақтары, 61-бабының 1-тармағы, 86-бабының 5-тармағы да ескі нұсқада берілген! Мысалы, «Мәслихаттың өкілеттігін Сенат заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ өзін-өзі тарату туралы шешім қабылданған ретте мерзімінен бұрын тоқтатады» деген норма 2007 жылдың 21 мамырынан бастап күшін жоғалтқан. Сол жылғы конституциялық реформа барысында күші жойылған 43-баптың 2-тармағының, 84-баптың 2008 жылғы мәтінде берілуі де өрескел қате. Қолданыстағы Конституцияның 53-бабы сегіз тармақшадан тұрады. Ал баспа дайындаған нұсқада он үш тармақшадан тұрады, яғни бұл бап та ескі нұсқада берілген деген сөз. Баспа қызметкерлерін шатастырған 1 жылдық тарихты ескермегеннің өзінде, 2008 жылы өзгертілген 34-баптың 2-тармағындағы «нышан» деген сөз де мәселелі. Осындай жағдайда аталған баспаның конституциялық реформадан 1 жыл өткеннен кейін белгісіз көзден алған белгісіз мәтінін басшылыққа алу қажет пе? Мұндай қағидатты қателіктер тұрғанда «4)-тармақшасында», «1)-тармақшасында», «10) Қылмыстық заңды», «Республика Прокуратурасы», «әкімшілік-аумақтық, бөліністегі» және т. с. с. грамматикалық, пунктуациялық немесе өзге заңдық техникалық қателерге назар аудармауға да болатын еді. Бірақ бұл – Конституция! Негізгі Заңда («Ата Заң» деген нұсқа дұрыс емес!) бірде-бір тілдік те, құқықтық та қате болмауы тиіс!

Мұндай тәжірибеге қалай жол беруге болатынын ұғу мүмкін емес. Қаншама маманның, қаншама деңгейлік мемлекеттік органдардың бақылауынан өткен қателі мәтінге кім жауап беруі тиіс? Мемлекеттік органдар ма, әлде баспа ма? Ал бұл кітапшалар ресми жарық көрді, баспа талаптарына сай, деректері айқын. Сондықтан, кімге болса да, мейлі мемлекеттік

қызметші, мейлі білім алушы болсын, жоғарыда көрсетілген дәрекі қателі заңнамалық актілерді басшылыққа алмауға еш негіз жоқ!

Міне, бір ғана қаулы мен Конституция мәтіні бойынша күмәнді ресмилік мәселесі қалған заңнамалық актілер мен халықаралық шарттарда да кең орын алып отыр. Осындай жағдайда ұлттық заңнаманың мәтініне деген сенім бола ма? Ал ондай сенімсіздік салдарын түсініп, есептеп не онымен айналысып жатқан билік субъектісі бар ма? Мұндай жаппай қателік жағдайында заңдылық қағидатына қол жеткізуді армандаудың өзі де күрделі. Бірақ дені субъективтік сипатта жіберіліп жататын қателерді түсіну мен түзету – құзіретті мемлекеттік органдармен қатар тілге, ұлтқа, елге жанашыр азаматтардың міндеті деп білемін. Сондықтан қолданыстағы заңнамаға талдау жасап, жіберілген қателерді түзетуге ұсыныстар беру – жай іздеу, теру немесе біреуге таңу емес. Ол біле білгенге жоғары әлеуетті әрі абыройлы іс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 *Қазақстан Республикасының Конституциясы – Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 136 б.*
- 2 *Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 51 б.*
- 3 *Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына өздерінің ведомстволық желілерін қосуға міндетті жергілікті өзін өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің тізбесін бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 1660 қаулысы // «Әділет» АҚЖ. (18.08.20013)*
- 4 *Егемен Қазақстан. 2011. 29 қаңтар.*
- 5 *Казахстанская правда. 2011. 29 января.*

Дата поступления статьи в редакцию 17.09.2013